

Қаржылық есеп беруі 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына сәйкес жасалатын ұйымдарды анықтау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 3 ақпан N 119

"Қазақстан Республикасы Президентінің " Бухгалтерлік есепке алу туралы " заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы Заңының 2-бабын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қаржылық есеп беруі 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына сәйкес жасалатын ұйымдарды анықтау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 1 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қаржылық есеп беруі 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына сәйкес жасалатын ұйымдарды анықтау ережесі

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасы Президентінің " Бухгалтерлік есепке алу туралы " заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 24 маусымдағы Заңының 2-бабын іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Осы Ереже Қаржылық есеп беруі 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес жасалатын ұйымдарды анықтау тәртібін белгілейді.

3. Қаржылық есеп беруі 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап ХҚЕС-қа сәйкес жасалатын ұйымдарға қызметін реттеуді және қадағалауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын ұйымдар жатады.